

**8D011 - Педагогика және психология (6D010300 - Педагогика және психология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Рапикова Сандугаш Ануарбековнаның «Болашақ педагог-психологтардың психодиагностикалық іс-әрекетті ұйымдастыруға дайындығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми жетекшінің**

### **Пікірі**

Қазіргі жоғары білім берудің өзекті мәселелерінің бірі – болашақ педагогтерді көп функциялы кәсіби қызметке және тез өзгеретін жағдайларда кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамытуға дайындау. Осы тұрғыда докторант Рапикова Сандугаш Ануарбековнаның *«Болашақ педагог-психологтардың психодиагностикалық іс-әрекетті ұйымдастыруға дайындығын қалыптастыру»* тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасының заңнамалық құжаттары мен мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес жазылған ғылыми жұмыс.

Докторант болашақ педагог-психологтардың психодиагностикалық іс-әрекетті ұйымдастыруға дайындығын қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу және әдістемелік қамтамасыз ету зерттеудің мақсатына қарай бес міндет қойып, оларды шешуде төмендегі ғылыми нәтижелерге қол жеткізді.

Болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері нормативті дереккөздерді, ғылыми әдебиеттерді талдау арқылы тұлғаға бағдарлы, іс-әрекеттік, жүйелілік, рефлексивтік, құзыреттілік, ақпараттық ғылыми тұғырлардың мазмұнын нақтылаумен анықталады. Диссертациядағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми тұжырымдамаларға сілтемелер жасау арқылы расталады. Кең ауқымды талдау негізінде диссертант өзінің авторлық анықтамасын ұсынады. *Осы тұрғыда докторанттың психология мен педагогиканың терминологиялық қорына қосқан үлесін айтып кету қажет.*

Зерттеудің болашақ педагог-психологтардың психодиагностикалық іс-әрекетке дайындығын қалыптастырудың факторлары мен ұстанымдары және психологиялық-педагогикалық шарттары анықталып, құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленеді, тиімділігі тәжірибеде дәлелденді. Ұсынылған моделдің компоненттері, өлшемдрі, көрсеткіштері педагог-психологтың білім беру ұйымдарында психодиагностикалық іс-әрекетті ұйымдастыруға дайындығын тиімді қалыптастыруды көздейді.

Зерттеу жұмысының қомақты нәтижесі болып келетін болашақ педагог-психологтардың психодиагностикалық іс-әрекетке дайындығын қалыптастырудың авторлық бағдарлама. Оның ерекшелігі - диссертант әзірлеген элективті курстар және таксономия негізінде ұсынылған домен деңгейлер иерархия құрылымымен іске асатын әдістемелер жүйесі. Бағдарлама негізінде *«Психологиялық-педагогикалық диагностика»*, *«Білім берудегі психодиагностика»* *элективті курстар* Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасына еніп, жақсы нәтижесін көрсетіп жатыр. Докторант құрастырған бағдарлама, психодиагностикалық іс-әрекетті ұйымдастыру әдістемесі диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығын дәлелдейді.

Жалпы, докторлық зерттеу аясында көлемді эксперимент жұмысы жүргізіліп, диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттер орындалды, алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу жұмысы аясындағы теориялық және практикалық ұсыныстар жаңа болып келеді және докторант қол жеткізген нәтижелерді білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті арттыру мақсатында толығымен қолдануға болады.

Алынған нәтижелердің маңыздылығы бәсекелестікке қабілетті кадрларды дайындау мақсатын жүзеге асыруда ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың тұжырымдамалары мен заңдылықтарына, «Педагог» кәсіптік стандартына сәйкестігімен негізделді.

8D011- Педагогика және психология (6D010300 – Педагогика және психология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Рапикова Сандуғаш Ануарбековнаның «Болашақ педагог-психологтардың психодиагностикалық іс-әрекетті ұйымдастыруға дайындығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған және қорғауға ұсынуға болады деп санаймын.

Ғылыми жетекші,  
педагогика ғылымдарының докторы  
профессор



РАСТАЙМЫН: А.Н. Кошербасва  
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЬ  
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ  
НАО «КазНПУ им. Абая»  
ҚОЛЫ  
ПОДПИСЬ